

ОҚУШЫЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК-ГИГИЕНАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРЛЕРІ

А.М. Толемисова, Г.Т. Байдалина, Ш.У. Жандосов, Ж.А. Калмакова

Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институты
Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Қазақстан қалаларында мектеп оқушыларының әлеуметтік-экономикалық жағдайларына түрлі орта мектеп мекемелерінде олардың денсаулықтарының қалыптасуына тигізетін әсерін анықтау үшін анкет әдісімен зерттеу жүргізілген.

Түйінді сөздер: әлеуметтік-экономикалық жағдай, мектеп оқушылары, денсаулық.

Балалар денсаулығының қалыптасуы әрбір мемлекеттің, әрбір аймақтың, белгілі елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының, және сол аймақтың, сол елдің болашағын болжататын негізгі лимиттік көрсеткіш болып табылады [1, 2].

Өйткені сол елдің болашағының көрсеткіші, болашақтағы кадрлар негізін қалыптастырушы, елдің қорғаныс күші болып табылатын топ - өсіп келе жатқан ұрпақтардың денсаулығының қалыптасуы сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына тікелей байланысты болып келетіндігі белгілі. Жеткіншектер организмі тұрақты түрде өсіп, даму процесінде, яғни үнемі қалыптасу жағдайында болатындықтан қоршаған ортаның әртүрлі жүздеген факторларының әрқайсысына өте сезімтал келеді. Және оның әрқайсысына организмнің бейімделу жағдайына байланысты қолайлы, қолайсыз жауап реакциясы болады. Сондықтан да өсіп келе жатқан организмнің қалыптасуында әлеуметтік-тұрмыстық, гигиеналық факторлардың үлесін анықтап алу, өте өзекті мәселе және балалар денсаулығына баға беруге арналған әрбір ғылыми зерттеу жұмысының негізгі элементі болып табылуы қажет [3, 4].

Адамдар денсаулығының дұрыс болуы 35%-дан 50%-ға дейін оның өзінің денсаулығына дұрыс қарай алуы, тіршілік ету мазмұнына, тамақтану жағдайына байланысты болып келетіндігі туралы пікірлер көп [5].

Сондықтан қоғам болашағының беріктігі, қорғаныш күші, ғылым мен өнеркәсіп, финанс саласының берекесі, мемлекет дамуының негізгі сенімділік көрсеткіші болып табылатын әрбір өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығының дұрыс болуына, олардың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының жақсаруына, білім алу, тамақтану жағдайының дұрыс болуына ұдайы қамқорлық жасап отыру мемлекеттің негізгі міндеттерінің біріне жатады.

Осыған байланысты біз Алматы қаласының әртүрлі мектептік білім беру орындарындағы мектеп оқушыларына әлеуметтік-экономикалық жағдайдың денсаулық қалыптасуындағы әсер ету деңгейін олардың өзіне және ата-аналарына арнаулы сұрақнама жүргізу арқылы нақты жағдайды анықтап көруді ұйғардық.

Алматы қаласының 21 мектептік білім беру орындарында білім жатқан (8 жалпы білім беру мектептері, 9 гимназия, 2 лицей және 4 жеке мектептер) 9-15 жас аралығындағы 1860 оқушыларға сұрақнама жүргізілді.

Зерттеуге алынған оқушылардың оқушылардың 41,1%-орыс, 55,5% - қазақ балалар болды. Жыныс ерекшеліктері бойынша 52,2% қыз балалар, 47,6% - ер балалар болды.

Жан ұя толықтығын, ата-ана қамқорлығы жағдайын анықтауға арналған сұраққа әртүрлі мектептік білім беру орындарындағы әртүрлі жастардағы оқушылардан бірқатар ақпараттық мәлімет алынды: жан ұя толық ата-анасымен бірге тұратын балалар бар, жоғы 57,3%-ды құрады. Тек анасымен бірге тұратын балалар 42,5% - көрсетті, зерттелген балалар арасында тек әкесімен ғана тұратындар 0,11%, болса, ата-анасы жоқ балалар көрсеткіші тек ЖБМ оқушыларының арасында 0,18% көрсетті. Жан ұядағы қарым-қатынас, түсініспеушілік жағдайын анықтауда, жақсы қарым-қатынас 9-11 жастарда 93,2% көрсетсе, 12-14 жастарда 72,6%, 15 жаста 60,1% болып, балалар есейген сайын жан ұялық проблемалары да жоғарылай бастайтындығын көрсетті. Бұл мәселені әртүрлі білім беру орындарының көрсеткіштерімен салыстыру жаңа үлгідегі мектептерде (гимназия, лицей, жеке мектеп) жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына қарағанда жан ұядағы жаман қарым-қатынас, түсінбеушілік көрсеткіші 7,8% -ға жоғары болды. Жас кезеңдеріне

байланысты талдау барысы әрбір жас кезеңдерінде өзіндік айырмашылықтар барын көрсетті.

Ата-аналарға жүргізілген сұрақтардан жалпы білім беру мектептерінде жайластырылған тұрғын жайда тұратын оқушылар 54,2% - ғана, жайластырылмаған үйде 34,9%, 10,8%-жартылай жайластырылған тұрғын жайларда тұратындығы анықталды. Бұл жағдай жаңа үлгідегі мектеп оқушыларының жағдайына қарағанда 66,4%-ға төмен және осы балалардың 54,4%-тар, көлемі 9м²-төмен бөлмелерде тұратындығы олардың әлеуметтік тұрмыс жағдайының нашарлығын көрсетті. От басындағы адам басына кіріс мөлшерін анықтауға берілген жауаптардан (орташа есеппен бір адамға 10 мың теңге), кіріс мөлшері бір адамға 10 мың теңгеден төмен, және 10 мың теңгеден келетін көрсеткіштер жалпы білім беру мектептерінің оқушыларында ғана кездесті, ал, жаңа үлгідегі мектептік оқу орындарындағы балалардың жан ұясында табыс көздерінің ең төменгі деңгейі бір адамға 23,7 мың теңгені құрағандықтан біз негізінен бұл балалардың материалдық жағдайы жалпы білім беру мектептерінің балаларына қарағанда едәуір жақсы деп шештік. Сөйтіп жалпы білім беру мектептерінде оқушылардың 52,0%-ы бір адамға 10 мың теңгеден төмен, әлеуметтік өте нашар жағдайда қалып отырғандығын, 28%-ы әр отбасының мүшесіне 10 мың теңгеден келуінің өзі баланың жан жақты қажет еткен білімін алуға мүмкіндік бермейтіндігін көрсетті. Тамақтану жағдайын анықтауға жүргізілген сұрақтар да жалпы білім беру мектептерінде осындай тұрмыс жағдайына сәйкес сияқты, 6,3%- аптасына бір-ақ рет ет көретін болса, 13,5%-сүт тағамдарын өте сирек пайдаланады, 32,8%-жеміс-жидектен таршылық көрсе, көкөністерді сирек тұтынатындар болған жоқ, көкөніс деп негізінен наннан кейінгі екінші ас болып табылатын, картоп пен әрбір асқа қосылуы қажет пияз төңірегінде ғана болғандығы байқалды.

Ал жаңа үлгідегі мектеп оқушыларында, ас мәзірін түрлендіруде қиындық байқалмағанымен, тамақтану тәртібі негізінен барлық оқушыларда

дұрыс сақталмайтындығы анықталды. Жалпы білім беру мектептерінде өте аз тамақтанатын балалар 19%, гимназияда 7,3%, лицейде 5,4%, жеке мектептерде 9,3%-болса, белгілі тәртіп сақтамай әртүрлі тамақтанатын балалар саны жалпы білім беру мектептерінде 54,5%, гимназияда 67,3, лицейде 60,9%, жеке мектепте 61,3% болды. Мұндай тамақтану тәртібінің сақталмау себебін оқушылар өздерінің жауаптары мен ата-аналардың берген пікірі бойынша анықтағанымызда көбінесе сабақ жүктемесінің жоғарылығына, балалар бақылаусыз еркімен тамақтанатындықтан тәбетінің дұрыс қалыптаспағандығына, көбі (63,4%) мектептік білім беру орындарына алыстан қатынасатындықтан, уақыт жетіспеушілігіне, бірқатары (29%) жүрегі айну, асқазан қыжылдауы сияқты қолайсыз сезімдерге т.б. жағдайларға байланыстырды.

Сөйтіп алынған нәтижелерді зерттеуге алынған балалар денсаулығы туралы мәліметтермен байланыстыра отырып, тереңірек зерттеу жүргізу қажеттігі туды.

Әдебиеттер

1 Першин С.Е., Квартовкиан Л.К. Влияние социально-экономических факторов на здоровье и причины смерти населения //Гигиена и санитария. - 2004. - № 2. - С. 54-55.

2 Филатов Н.Н., Аксенева О.И., Волкова И.Ф. и др. Социально-гигиенические проблемы формирования здоровья детей и подростков Москвы //Здравоохранения РФ. - 2001. - № 4. - С. 30-33

3 Камилова Р.Т. Влияние социально-гигиенических факторов условий жизни детей школьного возраста на уровень их физического развития //Гигиена и санитария. - 2001. - № 6. - С. 52-55.

4 Зюзина Н.Е. Состояние здоровья детей и подростков Москвы //Гигиена и санитария. - 2005. - № 4. - С. 46-49.

5 Максимова Т.М. Социальный градиент в формировании здоровья детей. //Здравоохранения РФ. - 2003. - № 2. - С. 43-47.

О роли социально-экономических факторов в формировании здоровья школьников

А.М. Толемисова, Г.Т. Байдалина, Ш.У. Жандосов, Ж.А. Калмакова

Методом анкетирования проведено изучение социально-экономического положения школьников городов Казахстана в различных средних школьных заведениях для выявления влияния на формирование их здоровья.

Ключевые слова: социально-экономическое положение, школьники, здоровье.

Social-economic factor dug About in shaping of health schoolboy

A.M. Tolemisova, G.T. Baydalina, SH.U. ZHandosov, ZH.A. Kalmakova

The Organized study social-economic position schoolboy city Kazakhstan in different average school institutions for revealing the influence upon shaping of their health of.

Key words: social-economic position, schoolchildren, health.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖТЕКШІ ФАКТОРЛАРЫ ӘСЕРІНЕН ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚТА ТҰРАТЫН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АУРУШАҢДЫҒЫ МЕН ӨЛІМІНІҢ КЕЙБІР СЕБЕПТЕРІ БАЙЛАНЫСЫН КӨПМӨЛШЕРЛІК ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қ.Б. Шегирбаева

Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты

Көптеген факторлардың әсерінен өзгеріп отыратын, аурушаңдық көрсеткіштері - денсаулықтың бірден бір негізгі критерлері болып табылады, олардың ішінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби-өндірістік және экологиялық. Аурушаңдық туралы статистикалық деректер негізінде қоғамдық денсаулықты талдау және бағалау, тек денсаулық көрсеткіштері мен қоршаған орта факторларының байланысын анықтаған жағдайда ғана мүмкін болады.

Түйінді сөздер: денсаулық, ауру-сырқаулық, факторлар, көрсеткіштер.

Тұрғындардың денсаулығы мен өлімшілдік көрсеткіштерінің деңгейіне әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, медициналық-демографиялық және де көптеген өзге де факторлар кешені әсер ететіндігі белгілі. Бірақ, олардың нақты жеке әсерін анықтау өте қиын.

Өнеркәсіп аймақтарындағы тұрғындар аурушаңдығының деңгейі мен құрылымына бірқатар экологиялық факторлардың әсер етуін зерделеу және себеп-салдарлық байланыс жүргізу мақсатында, математикалық талдау ретінде көпфакторлы корреляциялық талдау қолданылды [1].

Бақылау аумақтарын дұрыс анықтау және оны қадағалау үшін, зерттеу деректері бойынша қоршаған орта нысандарында (атмосфералық ауа, топырақ, су) гигиеналық-экологиялық баға берілді.

Осыған орай, тұрғындар денсаулығын зерттеу - толығымен қоршаған орта нысандарын бақылау аумағымен сәйкес келді.

Сондықтан да, осы зерттеудің бастапқы кезеңінен бастап, бізбен дифференциалды жолдар қолданылды, яғни олардың еңбек және өмір сүру жағдайларының әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғындардың аурушаңдығы және өлімшілдігі туралы материалдарды жеке статистикалық әзірлеу [2].

Қоршаған орта нысандарының сапасына гигиеналық-экологиялық баға беру үшін, біз республикамыздың үш өнеркәсіптік аймағы бойынша ретроспективтік деректерді талдадық, атап айтқанда, олар «АМӨЗ» ЖШС, «Павлодар МӨЗ» АҚ, Корпорация «Қазақмыс» ЖШС, «АрселорМиталлТемиртау» АҚ.

Тұрғындар өлімшілдігінің жеке жетекші себептері мен қоршаған орта факторларының арасындағы көрсеткіштердің көпфакторлы корреляциялық талдауы әдісімен алынған материалдар – оң байланысты көрсетіп, 0,7 мен 0,9 құрады. Сонымен қатар, тізбектік регрессия әдісін қолданып, экологиялық факторлардың өлімшілдіктің жетекші нозологияларының формалары мен себептеріне әсерін анықтадық, атап айтқанда қан

айналу жүйесінің аурулары, тыныс алу, ас қорыту органдарының аурулары, жаңа түзілістер, жаракттар мен уланулар.

Түрлі зиянды заттар жинақталған, 2000-2007 жылдардағы өнеркәсіп аймағындағы тұрғындар аурушаңдығының корреляциясын есептеу нәтижелері, аса ластанған өңірге жататын аймақтарда (Қарағанды облысы) жоғары байланыс бар екендігін көрсетті, корреляция коэффициенті – 0,9-ға тең, ластанған өңірде (Павлодар облысы) – 0,8 және аз ластанған өңірде (Атырау облысы) де 0,8. Ірі өнеркәсіп аймақтарын ластану деңгейіне байланысты бөлу - атмосфераның ластану индексі бойынша жүргізілді (ИЗА коэффициентіне сәйкес).

Зиянды заттар арасында жетекші орындарда: көмірсу оксиді, 0,9 корреляция коэффициентімен айтарлықтай ластанған өңірдегі шаң, 0,8 – ластанған және аз ластанған өңірде; көмірсулар мен күкірт сутегі – 0,9; 0,8; 0,8 тиісінше; азот диоксиді, фенол, бензол, ксилол, толуол – 0,9 аса ластанған өңірде және 0,85 ластанған және аз ластанған өңірлерде.

Түрлі зиянды заттар жинақталған, 2000-2007 жылдардағы өнеркәсіп аймағындағы тұрғындар өлімшілдігінің корреляциясын есептеу нәтижелері, аса ластанған өңірге жататын аймақтарда (Қарағанды облысы) жоғары байланыс бар екендігін көрсетті, корреляция коэффициенті – 0,9-ға тең, ластанған өңірде (Павлодар облысы) – 0,8 және аз ластанған өңірде (Атырау облысы) де 0,8. Ірі өнеркәсіп аймақтарын ластану деңгейіне байланысты бөлу - атмосфераның ластану индексі бойынша жүргізілді (ИЗА коэффициентіне сәйкес).

Жүрек-қан тамыр аурулары салдарынан Қарағанды облысы тұрғындарының өлімшілдігінде тура жоғары байланыс анықталды, корреляция коэффициенті – 0,5-0,9. Павлодар облысы бойынша да зиянды заттардың әсері, өлімшілдік көрсеткішіне жоғары байланыста екендігі айқындалды – корреляция коэффициенті – 0,6-0,8. Атырау облысы бойынша да дәл осындай жағдай – тура байланыс – корреляция коэффициенті – 0,6-0,8.